

**«Үздік студент»
атағына үміткерді
айқындау Ережесі**

1. Үздік студент оның қызметінің сараптамалық әдістері негізінде нәтижелерін бағалаумен анықталады.

1.1. Байқауға ғылыми, мәдени-бұқаралық, спорттық және қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысатын, ағымдағы оқу жылында үлгерімі жоғары, жазасы жоқ 2-4 курс студенттері қатыса алады.

1.2. Өткен оқу жылының конкурсында жүлделі орындарға ие болған студенттер ағымдағы оқу жылында конкурсқа қатысуға жіберілмейді.

1.3. «Үздік студент» атағын алуға үміткерлерді критерийлер бойынша іріктеуді факультеттік конкурстық комиссиялар жүргізеді.

1.4. Факультеттік конкурстық комиссиялар алқалы түрде қабылданған шешімдер негізінде хаттама ресімдейді, онда конкурсқа қатысу үшін 3 студент ұсынылады және оны конкурстардың қорытындыларын шығару жөніндегі университеттік комиссияға қағаз түріндебереді.

2. Студент қызметінің нәтижелерін сараптамалық бағалауды 1 кестенің көрсеткіштері бойынша конкурстардың қорытындыларын шығару жөніндегі университеттік Комиссия жүргізеді.

1 кесте

Бағалау критерийлерінің сипаттамасы

1. Үлгерімі	GPA	Ұпай (ең көбі 30 ұпай)
	3,60-тан аз	0
	3,60-3,66	5
	3,67-3,71	10
	3,72-3,76	15
	3,77-3,86	20
	3,87-3,94	25
	3,95-4,00	30
2. Ғылыми-зерттеу қызметі	Конференцияларға, олимпиадаларға, ғылыми жүлделі орындар (мақалалардың, патенттердің, БАЖ-дың болуы)	Ұпай (ең көбі 30 ұпай)
	халықаралық деңгейдегі	5 (бір дана үшін)
	республикалық деңгейдегі	3 (бір дана үшін)
	өңірлік, жоғары оқу орны деңгейдегі	1 (бір дана үшін)
3. Қоғамдық, спорттық, шығармашылық қызмет	Қоғамдық-саяси іс-шараларға, шығармашылық конкурстарда және спорттық жарыстарға жүлделі орындар (грамоталардың, дипломдардың, сертификаттар, болуы)	Ұпай (ең көбі 30 ұпай)

	халықаралық деңгейдегі	5 (бір дана үшін)
	республикалық деңгейдегі	3 (бір дана үшін)
	өңірлік, жоғары оқу орны деңгейдегі	1 (бір дана үшін)
4.Ерекше еңбегі	Халықаралық, республикалық қорлардың, ұйымдардың стипендияларының, гранттарының иегерлері және т. б.	0-10

2.1. Конкурстардың қорытындыларын шығару жөніндегі университеттік комиссия сараптамалық бағалардың сауалнама парағын мынадай нысан бойынша толтырады:

2 кесте

Сараптамалық бағалау парағы

Студент, топ, факультет	Көрсеткіштің атауы				Ұпай сомасы	Алған орны
	1	2	3	4		
<i>I</i>	<i>2</i>	<i>3</i>	<i>4</i>	<i>5</i>	<i>6</i>	<i>7</i>

Сарапшылардың бағалауы бойынша студенттің алатын орны (7 – баған) кему тәртібімен анықталады (1 орын – ең жоғарғы ұпай саны; соңғы орын – ең төменгі ұпай саны).

3. Комиссияның әрбір мүшесі (сарапшы) қол қойған және ұсынған 2 кестенің (6 – баған) қорытынды деректері негізінде Конкурс қорытындыларын шығару жөніндегі университеттік комиссия конкурс жеңімпазын анықтайды.

ЖСД директоры

Бузяков Р.